

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

25 мамыр 2017 жыл

KASE акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді

2017 жылдың 25 мамырында "Рахат Палас" отелінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтті. Іс-шарада KASE 2016 жылдағы қызметінің қорытындылары ұсынылды.

2016 жылы барлық қаржы құралдарының сауда-саттығының көлемі 94,6 трлн теңгеге жетіп, 2015 жылдағы осы көрсеткіштен 2,8 % артты. Дамып келе жатқан дедолларизация үдерістерінің аясында репо операцияларының нарығында сауда-саттық көлемі елеулі өсім көрсеттіп, валюталық своп операцияларының көлемі төмендеді. Нарыққа қатысушылардың теңгелік қаржы құралдарына қызығушылығы акциялар нарығының капитализациясының өсіміне ынталандырып, 15,3 %-ға немесе 14,3 трлн теңгеге дейін өсім көрсетті. Биржаның ресми тізімдеріндегі акциялар атауларының саны 120 – тарихи максималды мәніне жетті. KASE Индексі дүниежүзі бойынша өсім жылдамдығы бойынша үшінші орын алып, ал нарықтық сегменттегі акциялар сауда-саттығының көлемі 67 %-ға өсті. 2016 жылы KASE акциялар нарығында жеке тұлғалар ең белсенді болды, олардың үлесі 2016 жылы мәмілелер көлемінен 48 % құрады, ал Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі олардың шоттарының саны 105 319 жетті. Жаңа эмитент – "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ – IPO арқылы биржалық нарық арқылы 800 млн теңге тартты. Осы орналастыру бойынша өтінімдер кітабы үш рет қайта жазылымдалды. Биржада пайлар қорларының нарығыны қозғала бастады, ондағы сауда-саттық көлемі төрт есе көбейді.

"Инфляцияны шектеуге өту жағдайында Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеменің рөлін күшейту бойынша белсенді жұмысының арқасында, есептік жыл дедолларизация аясында өтті. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі шамамен төрт нүктеге төмендеп, ал қысқа ақшалар құнының биржалық индикаторы – MM_Index мәні – 68 пайыздық нүктеге төмендеді. Дағдарыссыз жаңа кірістілік қисығының құруда табысқа жеттік. Осының барлығы инвесторлардың теңгемен номинацияланған активтерге қызығушылығына жағымды ықпалын тигізді, – деді өз сөзінде KASE Басқармасының Төрайымы А.Ө. Алдамберген – Сонымен қатар, ЖІӨ көлеміне акциялар нарығының арақатынасы әлі төмен екендігін де айта кеткен жөн – ЖІӨ алғанда 31 %, дегенімен соңғы үш жылы бойы бұлжытпай өсіп келе жатыр".

Өткен жылы KASE 2016-2018 жылдарға жаңа Даму стратегиясы қабылданды, сондай-ақ техникалық модернизацияны маркетингілік белсенділікпен, ашық ақпараттық саясатпен және нарыққа қатысушылардың мүдделеріне мұқияттылықпен қараумен бір кешенде қамтитын, болашаққа мақсаттар анықталды, осылар биржалық нарықтың өтімділігін және қазақстандық экономиканы қаржыландырудың көзі ретінде тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Биржа 2016 жылы биржалық нарықтың жаңа сегментін – коммерциялық (қысқа мерзімді) облигациялардың секторын іске қосты, онда "ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ, "СевКазЭнерго" АҚ және "Исткомтранс" ЖШС бір жылға дейінгі мерзімге жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге қаржыландыру тартты.

KASE және "Атамекен" ҚР ҰКП арасында қол қойылған меморандум шегінде Биржа эмитенттерді тарту бойынша бірқатар жобаларды іске асырды. 2016 жыл барысында KASE кәсіпкерлер мен тұрғындардың кең ауқымды қатары арасында қор нарығы және оның мүмкіншіліктері туралы ақпараттандырылуын арттыру бойынша іс-шараларды әрі қарай жалғастырды. Барлығы Қазақстанның түрлі аймақтарында және Астана мен Алматы қалаларында 12 ақпараттық-түсіндіру кездесулері өткізілді.

Биржаның 20 жылдық тарихында алғашқы рет оның брендин жаңарту жүзеге асырылды. Жаңа бренд салт-дәстүрлерді және тұрақты өсім, сондай-ақ динамикалық қарқындылықты, инновацияларға ашықтығын және технологиялылықты арттыруға ұмтылысты бейнелейді.

Биржаның 2016 жылдағы кешенді ақпараттық жұмысының тағы бір жаңалығы KASE интернет-сайтын модернизациялаудың басталуы, соның ішінде Trading View биржалық графиктердің танымал дүниежізілік сервисімен (библиотекасымен) ынтымақтастық шегінде.

2016 жыл барысында KASE мақсатты түрде Қазақстанның FTSE елдік классификациясы шегінде "Frontier Market" мәртебесін алу бағытында жұмыс жасады. 2017 жылдың наурыз айында FTSE кеңесшілік комитеті Қазақстанның осы мәртебе алуға талаптарға сәйкестігін мойындады, осы туралы 2017 жылдың қыркүйек айындағы қоғам алдында тұрақты есеп беру шегінде ресми түрде жариялау жоспарланып отыр. Бұл ретте Қазақстанның MSCI және S&P "Frontier Market" мәртебесін осыдан бұрын алған.

Аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің мәліметтері бойынша 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE Тобының активтері 7,8 млрд теңгені құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 6,3 % (522,3 млн теңгеге) азайды. Есептік жылдағы меншікті капиталы 14,8 % (0,9 млрд теңгеге) артып, үлестірілмеген кіріс бабында көрсетілген, алынған таза пайда есебінен 7,2 млрд теңгеге жетті. Меншікті капиталдың пассивтер құрылымындағы үлесі 75,7 %-дан 92,8 %-ға дейін өсті.

Биржалық топтың жиынтық кірістері есептік жылдың қорытындысы бойынша 2 154,8 млн теңгені құрады, бұл былтырғы жылдағы көрсеткіштен 392,2 млн теңгеге немесе 15,4 % төмен. Бұл ретте негізгі қызметтен түскен кірістер 1 507 млн теңгеден аспады, демек 144,7 млн теңгеге немесе 8,8 % азайды. Негізгі қызметтен түскен Биржа кірістерінің құрылымында ең үлкен үлестер листингтік алымдардың (37,8 %), мүшелік жарналарының (25,2 %) және комиссиялық алымдардың (22 %) еншісінде. Негізгі қызметтерден түсетін кірістің азаюы Биржаның пайыздық кірістерінің 228,2 млн теңгеге немесе 54,1 %-ға өсуімен өтелді.

KASE тобының 2016 жылдағы шығындары 1 % азайып, 1 286,8 млн теңгені құрады.

"Биржалық топтың 2016 жылдағы қаржылық қызметінің нәтижесі 721,8 млн теңге көлеміндегі таза пайдасы болып табылады, бұл өткен жылдағы нәтижеден 26,3 % төмен. Биржаның операциялық кірісінің азаюы негізінен қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістердің азаюымен байланысты. Бірақ бұл азаюды инвестициялық қызметтен шамамен 650 млрд теңге пайда табумен орнын толтырдық. Бұл нарықты дамыту және KASE стратегиясын іске асыруға бағытталған, қаржылар", – деп өз сөзін KASE Басқармасының Төрайымы А.Ө. Алдамберген жалғастырды.

KASE акционерлерінің жалпы жиналысы Биржаның 2016 жылдағы таза пайдасын үлестірмеу және оның дамуына жұмсау туралы шешім қабылдады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz